

"Бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 22 шілдедегі № 422 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 496 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 желтоқсандағы № 1068 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.12.2024 № 1068 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 22 шілдедегі № 422 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 40, 249-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген бағалы металдарды және құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларын Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкету қағидаларында:

19-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қайта өңдеуге арналған қорытындыда "Қорытынды нәтижесі" деген жолда мынадай жазу енгізіледі "Қазақстан Республикасында ұсынылған шикізат тауарларын қайта өңдеудің экономикалық тұрғыдан орынсыздығы және мүмкін еместігі расталады", мұндай жағдайда тауар кеден аумағынан тыс қайта өңдеудің кедендік рәсімінде кедендік декларациялануға тиіс."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жариялаған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК